

[illegible]

2023 жылдың қараша айына (01.11-03.11) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Сейсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика Отбасы жайлылығын анықтау «Менің отбасым»тесті	Жеке жұмыс 4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Бір-біріңді таны»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамыушылық Зейінді бол	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Бұл неден жасалған»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2023 жылдың қараша айына (06.11-10.11) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Допты беріп жібер»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Орамалмен билеу»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама	Балабақша қызметкерлері
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Қазынаны тап»әдістеме	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық	

		материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Түгендеу-шатастыру»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2023 жылдың қараша айына (13.11-17.11) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Педагогикалық қабілетті зерттеу» сауалнама	Педагогтар
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Сіз қандай ата-анасыз?»	Ата-аналар
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Мен жеңімпазбын»	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Жұбымыз жарасқан әріптестерміз»	Педагогтар
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

Жұма	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Өзің жайлы жақсы сөздер айту»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2023 жылдың қараша айына (20.11-24.11) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Ойлан тап»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Орамалды айналу»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Тыңдай білу іскерлігі»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Аяқталмаған суреттер»	4-5жас

	10.30.12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
--	-------------	--	--

2023 жылдың қараша айына (27.11-30.11) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Не өзгерді?»	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Ұзын-қысқа»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	Қараша айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару
	10.30-12.00		

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Отбасы жайлылығын анықтау
«Менің отбасым»тесті

«Ботақан» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы

Зерттеу уақыты: 01.11.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «ОТБАСЫНЫҢ СҮРЕТІ» тесті

Баланың ішіне тереңірек кіріп және ол қалай тұрады, оны не мазалайды, ол нені армандайды, қоршаған әлемді, отбасын және Сіздің өзіңізді қабылдауы қалай екенін түсінгіңіз келе ме? 4-5 –жастан бастап Саз сүретті «Менің отбасым»-таты тест өткізе аласыз. Балалар қоршаған әлемді үлкендер сияқты қабылдамайды. Ерекше бала ұғынулары үлкендер түсінбейтін және қабылдамайтын, эмоциялық реакцияларды шақырады. Баланың ішкі дүниесінде, сыйыспайтын, кездейсоқ сияқты фантастикалық бейнелер, өз «теориясы» құрылады.

Тестің мәні

Балаға қағаздың стандарттық парағын, түрлі-түсті қарындаштар жиынтығын береді (жай қарындаш, қалам, өшіргішті бермесе дұрыс болады), сосын: «Өз отбасынды сүретте»-дейді. Бірақ отбасы құрамына кім кіретінің есіне салу керек емес, өзі қалай көрсе, солай салсын. Егер бала сұраса кімді салайын деп, оған толық ерік беріңіз, тіпті аңдарды салса да салсын, бәрібір сүрет жеткілікті ақпаратты болады. Сүрет салып болғаннан кейін, жетекші сұрақтар қойыңыз: кім қайда сүреттелді, отбасы мүшелері не істеп жатыр, кім қандай көңіл-күйде және т.б.

Қорытындысы:

Әр балаларға жеке-жеке «Отбасының суреті» әдістемесі тақырыбында суреттер салдырдым. Балалардың салған суреттері арқылы жеке жұмыстар жүргізіп және салған суреттерімен жеке әңгімелесу жұмыстарын жүргіздім.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

қолы: _____



«ОТБАСЫНЫҢ СҮРЕТІ» тесті

Баланың ішіне тереңірек кіріп және ол қалай тұрады, оны не мазалайды, ол нені армандайды, қоршаған әлемді, отбасын және Сіздің өзіңізді қабылдауы қалай екенін түсінгізіз келе ме? 4-5 –жастан бастап Саз сүретті «Менің отбасым»-таты тест өткізе аласыз. Балалар қоршаған әлемді үлкендер сияқты қабылдамайды. Ерекше бала ұғынулары үлкендер түсінбейтін және қабылдамайтын, эмоциялық реакцияларды шақырады. Баланың ішкі дүниесінде, сыйыспайтын, кездейсоқ сияқты фантастикалық бейнелер, өз «теориясы» құрылады.

Тестің мәні

Балаға қағаздың стандарттық парағын, түрлі-түсті қарындаштар жиынтығын береді (жай қарындаш, қалам, өшіргішті бермесе дұрыс болады), сосын: «Өз отбасыңды сүретте»-дейді. Бірақ отбасы құрамына кім кіретінің есіне салу керек емес, өзі қалай көрсе, солай салсын. Егер бала сұраса кімді салайын деп, оған толық ерік беріңіз, тіпті аңдарды салса да салсын, бәрібір сүрет жеткілікті ақпаратты болады. Сүрет салып болғаннан кейін, жетекші сұрақтар қойыңыз: кім қайда сүреттелді, отбасы мүшелері не істеп жатыр, кім қандай көңіл-күйде және т.б.

Сүрет салуды бастау алдында

Баланың әдеттегі көңіл күйін байқаңыз. Бұл тапсырманы отбасылық жанжалдан, ұрыстан және қайғы-қасіреттен кейін, беруге болмайды. Әйтпесе Саз сол мезеттегі баланың көңіл күйіне сәйкес ситуациялық сүрет аласыз. Тапсырма орындап жатқан уақытта баланың үстінде тұрмаңыз, бірақ кейіпкерлердің және нәрселердің бейнелеу тәртібін білдірмей байқаңыз.

Баланы сүреттеу кезінде түземеніз («сен әкенді салуға ұмыттың», «құлақ, қолды сал, т.б.»)

Алған нәтижелерді баланың көзінше талқыламаңыз – бұл тест Саз үшін, Сіздердің ойлануларыңыз үшін.

Аса дәл ақпарат алу үшін, бірнеше күн аралығында 3-4 рет тест өткізіңіз және сүретте жиі қайталанатын детальдарды анықтаңыз. Сүретті «түсіндіру» кезінде зор маңызда болатыны, ол «түсініктеме берушінің» дұрыс күйі, өз қиялын мен интуициянды қосу қажет.

Түсініктеме беру

Сүретте ештеңе кездейсоқ болуы мүмкін емес. Себебі бала заттарды натураға қарап салмайды, ол өз эмоциясын және күйзелісін білдіреді. Міне балалар


шығармасының бірнеше мысалы.

1-сүрет.



Бұл сүретте бала өте астарлы отбасылық рольдің бөлу ерекшелігін сезген. Мама – жанұя басы, онда бәрі үлкен – көздер, мұрын, ал әсіресе ауыз. Бірақ мамасының көздері мұнды, және жүректе гүлмен жабылған, қолдары жоқ, ол ештеңе өзгерте алмайды. Папасы мөлшер бойынша (баланың қабылдауында) мамасынан көбірек кіші. Мамасының бір жағында 12-жасар ағасы тұрып кеткен шашы бар және екінші жағында, сондай бойдағы, ұқыпты, бірақ барлық түймесіне салынған 6-жасар сүретшінің өзі. Маманы тыңдауды тек папа жақсы көреді, ол үшін онда құлақ та бар, ал балаларда ата-аналарын естімейтін берікті қалаңбау бар.

2-сүрет.



Бұл сүретте де отбасы. Адам тұрмайтын, көп бос, терезелер саны бар, үлкен үй. Шатырдың астында, тордың артында сүретшінің өзі тұрады. «Мамам мен папам жұмыста, мен серуендеп жүрмін...». Сүрет авторын төменде, машинаның қасында көруге тырысыңыз. Балақай өзін таң қаларлық кішкентай, мүсәпір, жалғыз сезінеді, дұрыс емес пе? Түрлі түсті гаммасы да мұнды: сұр түс басымды және машинада кішкене жасыл түс бар (ол папасы кейде оны қыдыртады). Ал зор «қолдар» – шатырдағы антенналар баланың үстіндегі тұрған, оның сезімдерін басатын, оны жалғыздық пен үрей торына артына қамайтын ата-анасын есіне түсіреді.



Осындай сүретті көріп, баланың халі нашар екенін, оған көмек қажет екендігін түсінесін.

3-сүрет.

Ал мында бәрі де жақсы! Отбасы жиналған, жүздерінде күлкі, бәрі бір-біріне қолдарын созып қолдап немесекөмектесіп отыр. Бала бәрін жақсы көреді өзін де қоса, кішкентай ұсақ детальдар, ашық түстер көп. Сүреттен қуаныш пен еріктің лебі келіп тұр

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЕРЕЖЕСІ

1. Сүрет салып бітіргеннен соң баланы сұраңыз, «кім не екенін», кім немен айналысады.

«мен ағамды салуға ұмытып кетіппін» или «әпкем симай қалды» - сияқты ескертулер маңызды емес. Егер отбасынан біреу сүретте жоқ болса, ол мынаны білдіреді:

- Осы адамға жағымсыз санасыз сезімдердің болуы. Мысалға, кіші інісіне қатты қызғаншақтық; Бала өзінше ойлайды: «Мен інімді жақсы көруім тиіс,

ал ол менің ашуымды келтіреді, бұл жаман. Сондықтан тіпті ештеңе салмаймын.».

Сүретте «ұмытылып қалған» адаммен эмоциялық жалғасу толығымен жоқтығы. Бұл адам баланың эмоциялық дүниесінде жоқ.

2. Сүретте автордың өзі жоқ.

- Жақындармен қатысудағы қиындықтар: «Мені мұнда байқамайды», «Мен өзімді, шеттетілген болып сезінемін», «Маған отбасында өз орнымды табу қиын»
- Бала отбасынан «кетеді»: «Мені мұнда қабылдамайды, жарайды керек емес, маған оларсыз да жаман емес.»

3. Сүретте – ойдан шығарылған отбасы мүшесі. Бала отбасында аяғына дейін алмаған, сезімдердегі вакуумды толтыруға тырысады. Балалар жиі шынында да үйде тұрмайтын, құстарды, жануарларды салады, ол баланың біреуге керек және қажет екендігін ансауын маңыздайды, демек, ата-аналар сүйіспеншілікте, мейірімділікте, еркелікте мұқтажын қанағаттандырмайды.



4. Бейнеленген кейіпкерлердің көлемі бала үшін оның маңыздылығын көрсетеді (4-сүретті қара). Баланың ойлауынша, адам тым үлкен болса, солайша ол белсенді екені. Жиі кішкентай балаларда барлық дене бітімді орналастыру үшін қағаздың беті жетпейді..



5. Қағаз бетіндегі баланың көлемі.

Егер бала өзін кішкентай қылып, беттің бұрышында орналастырып салса, онда сол мезетте өте төмен өзін-өзі бағалауы, немесе, ол өзін ең кішкентаймын деп санайды. Өзін-өзі жоғары бағалайтын балалар өздерін ата-аналарынан да ірілеу, үлкен қылып сүреттейді. (5-сүретті қара).

6. Баланың сүреттегі орналасу орны, оның отбасындағы жағдайын көрсетеді. Ортада, әке мен шешесінің арасында, немесе өзін бірінші қылып салғанда, онда ол өзін үйде керек және қажетті екендігін сезінеді. Егер бала өзін басқалардан бөлек сүреттесе, немесе өзін ең соңында салса, онда ол қызғаншақтықтың, сәтсіздіктің белгісі.



7. Бейнелердің арасындағы қашықтық эмоциялық жақындықты немесе керісінше қарым-қатынас үзілгендікті мәлімдейді. Фигуралар бір-бірінен қаншама алыста болса, соншама олардың эмоциялық бірікпеушілігі үлкен. Кейбір сүреттерде балалар бірікпеушілікті сезінетіндерін, отбасы мүшелері арасындағы бос

кеңістікке әртүрлі заттарды (жиһаз, вазалар, ...), бөгде, ойдан шығарған адамдарды, кіргізіп көрсетеді. Эмоциялық жақындық кезінде туысқандар бір біріне тіпті жақын сүреттелген, олар қолдармен тиіп тұр. Бала қаншалықты өзін бір отбасы мүшесінің қасына бейнелесе, соншалықты оның жақындасу

дәрежесі осы адамға биік болады және керісінше.

8. Отбасы мүшелерін бейнелеу реттілігі. Әдетте бірінші, бала өзін не, не өз пікірі бойынша отбасындағы отбасы мүшесінің, ең сүйіктісін, ең маңыздысын салады. Әдетте ең соңғы суреттелген туысқан өте төмен белсенділікте болады (ол баланың өзі де болуы мүмкін).



9. Қағазда фигураларды орналастыру


Зер салып қараңыз, суретте кім жоғары, кім төмен орналасқан. Аса биікте орналасқан кейіпкер, баланың пікірі бойынша, отбасында көбірек маңыздылығы бар (тіпті егер ол мөлшер бойынша кішкене болса да). Мысалы, егер бәрінен де жоғары қағазда теледидар бейнеленсе немесе тіпті алты айлық қарындасы болса да, онда ол баланың сезімінде дәл осылар қалған отбасы мүшелерін «басқарады» (6-суретті қара).

10. Балада мазасыздықты туындыратын, кейіпкер немесе нәрсе. Қарындашты қатты басумен бейнеленеді, немесе қатты штрихтелінеді, оның нұсқасы бірнеше рет, айналдыра жиектеледі, бірақ бала мұндай кейіпкерді аса көрінбейтін де қылып «дірілдеген» сызықпен суреттейтіні де болады.

11. Дене мүшелері.

Бас.

Бұл – маңызды және өте бағалы дене мүшесі. Ой, ептілік – баста. Отбасының ең ақылды, ойшылын бала үлкен баспен суреттейді. (7- суретті қара).



Көздер.

Тек қарау үшін ғана емес, олар уайымды да білдіреді. Кейіпкердің үлкен, кен ашылған көздері баламен мазасыз, тынышсыз, көмекте мұқтаж ретінде қабылданады. (8-суретті қара). «Нүкте» немесе «сызықша» көздері бар кейіпкерлер – өздерінің ішінде жылауға ішкі тыйым салуды ұстайды (яғни, адам тұйық, түйсіксіз немесе саналы түрде, өз эмоцияларын көрсетпейді, жиі теріс).

Құлақтар.

Бұл – сынды және тіпті кез келген өзін туралы ақпаратты қабылдау органы. Үлкен құлақтары бар кейіпкерлер айналасындағыларды тыңдайды. Егер құлақтар тіпті де болмаса, онда адам ешкімді тыңдамайды, ол туралы айтқандарды ескірмейді (9-суретті қара).



Ауыз.

Суретте ауыз – «шабуыл органы», ауызбен агрессияны білдіреді, ұрыссады, тістейді, ренжиді. Үлкен немесе/және штрихтап

тастаған аузы бар кейіпкер қауіптің көзі болып қабылданады. Егер тіпті аузы болмаса, ол нүкте, сызық түрінде салынса – адам өз сезімін жасырады, сөздермен айта алмайды немесе басқаларға ықпалы тимейді.



М ойын.

Бастың сезімдерге деген өзін-өзі бақылау мүмкіндігін символмен көрсетеді. Мойны бар адам өз сезімдерін басқаруға қабілетті (жиірек ол үлкен адам).

Қолдар.

Қолдар функциясы – жабысу, қосылу, айналадағы адамдармен қарым-қатынаста болу, яғни әрекет жасау қабілеті. Қолдарда саусақтар көп болған сайын, кейіпкер күшті болады. Қолдың ұзындығы оның көпшілдігін айтады, қысқа қолдар ішкі дәрменсіздігін, жасқаншақтығын, қатынас жетіспеуін білдіреді. (10-сүретті қара).

Аяқтар.

Жүруге, тірек үшін, қозғалу еркіндігі үшін керек. Аяқта тіреу орны көбірек болған сайын, кейіпкер нық және сенімді жерде тұрады. Оң аяғы - отбасы ақиқатынан тыс тіреуді білдіреді, сол аяғы – отбасындағы (11-сүретті қара).



12. Сүреттің түрлі түсті гаммасы – сезім палитраның индикаторы. Ең жақсы көретін түстермен бала отбасындағы ең жақын мүшелерін, өзін салады, жақсы көрмейтін түнеріңкі түстер баланың жақсы көрмейтін адамдарына қалады. Жалпы түрлі түсті палитраға назар аударыңыз: жарқын түстің басым болуы жақсы көңіл күй туралы айтады, ал түнеріңкі түстер, мазасызданғанға және жабырқанқығанға көрсетеді (егер, әрине, қара түс бала үшін сүйікті болмаса). Мамалар әншейінде әдемі көйлекпен, шашында шаш тұтқышы бар болып бейнеленеді, ұсақ детальдардың көбі бар, шаштың түсі де ерекеше болуы мүмкін, мұқият детальдар салынады, себебі бала өз махаббатын көрсетеді. Балалар өз-өздерін бағалап сайма-сай мұқият сүреттеп, әдемі киіндіріп салады. Баланың барлық жақын және сүйікті туысқандары сияқты, сүйікті әкесі де сәнді,



13.

Бала тек өзін салады, барлық қалғандарды салуға «ұмытып», бұл оның өзі өзін отбасы мүшесі екенін сезбейтінін айтады. Баланы отбасында шеттейді, сәтсіздік пен эмоциялық проблемалар оны басады. Дене бітімі кішкентай болуы мүмкін, парақтың бұрышында «тығылып» қалған, қараңғыда, жағып тастаған бетпен. Бірақ болады, өзін-өзі бағасында көтермеленген бала тек өзін, өз маңыздылығын көрсету үшін сүреттейді. Ол мұқият киімнің, жүзінің детальдарын сүреттейді, дене бітімі өте үлкен, жарқын.

13. Сүреттегі Күн – қорғау және жылылықтың символы. Бала мен күннің ортасында болатын, адамдар мен нәрселер – ол өзін қорғалдым деп сезінуге,

энергия мен жылулықты пайдалануға кедергі болатындар. (12-сүретті қара).

14. Ұсақ детальдердің көптігі, жабық детальдар (шәрпы, түймелер) баланы оларға жібермейтін тыйымдар, құпиялар туралы білдіреді.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Бір-бірінді таны»**

Топтың аты: «Ботақан» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы
Зерттеу уақыты: 02.11.2023 ж
Балалар саны: 25
Қатысқандар: 18
Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «Бір-біріңді таны» ойын

Мақсаты:

Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру.

Ойын барысы:

Ойынды психолог қатысушыларға шеңбер құрып отыруын сұрайды. Ойынның шарты бойынша ортақ белгілері бар ойыншылар орындарын ауыстыруы керек. Мысалы: кімнің үйінде үй жануарлары бар, орындарыңызды ауыстырыңыздар! Ойын жүргізуші шеңберді ортасында тұрып босаған орындардың біреуін алуға тырысуы қажет (орындардың саны ойыншылардың санына қарағанда кем болуы тиіс). Шеңбердің ортасында қалып қойған ойыншы жүргізушіге айналады және ойынды жалғастырады.

Қорытындысы:

Балалар «Бір-біріңді таны» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Ойын барысында балалар коммуникативті дағдыларын қалыптастырды.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: _____



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Зейінді бол»

Топтың аты: «Балбөбек» ортаңғы тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы
Тексерілген күні: 03.11.2023ж
Балалар саны: 20
Қатысқаны:15
Қатыспағаны:5
Әдістеме: «Зейінді бол»

Мақсаты:

Балалар шеңберге тұрады. Психолог ойынның ережесін түсіндіреді. Мен сендерге әр түрлі қимыл қозғалыстарды көрсетіп тұрамын. Сендер оны қайталап тұруға тиістіңдер. Бірақ мен ескерткен қозғалысын қайталауға болмайды. Кім қайталаса сол ойыннан шығады.Психолог әр түрлі қозғалыстарды көрсетіп, қайталамайтын қозғалысты бірнеше рет көрсетеді.Қай бала шатасса ойыннан шығады. Ойынның жеңімпазы жүргізуші болады. Сол бала қайталанбайтын қозғалысты өзі шығарады.

Қорытындысы:

3-4жас тобына «Зейінді бол»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.Ойынның ережесін өте жақсы түсінді.

Педагог-психолог:Кулибаева Г.И

қолы: _____



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Допты беріп жібер»

Топтың аты: «Ботақан» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 5-6жас тобы

Зерттеу уақыты:08.11.2023

Балалар саны:25

Қатысқандар:19

Қатыспағандар:6

Әдістеме: «Допты беріп жібер» ойын

Мақсаты:

Топта жұмыс істей алу қабілетін дамыту.

Ойын барысы:

Ойыншылар бір-біріне қарама қарсы жұп жұбымен тұрады. Бір ойыншыда доп. Ойыншылар жүгіріп келе жатып бір біріне допты беріп отыруы тиіс. Эстафеталық ойынды бірінші аяқтаған топ жеңімпаз атанады.

Қорытындысы:

Балалар «Допты беріп жібер» ойының қызыға жасады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Топта жұмыс істей алу қабілеттерін көрсетті.

Педагог-психолог:Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: _____



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Орамалмен билеу»**

Топтың аты: 2-3жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 2-3жас тобы

Зерттеу уақыты: 08.11.2022

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 11

Әдістеме: «Орамалмен билеу» ойыны

Мақсаты:

Баланың танымдық белсенділігін дамыту.

Ойын барысы:

Бала психологтың (үлкен кісінің) биін қатайды.

Қорытындысы:

Балалар «Орамалмен билеу» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып, билеп жүрді. Балалар осы ойын арқылы танымдық белсенділігін дамытты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: 

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Бұл неден жасалған»

Топтың аты: «Ботақан» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы
Тексерілген күні: 06.11.2023ж
Балалар саны:25
Қатысқаны:17
Қатыспағаны:8
Әдістеме: «Бұл неден жасалған»

Ойынның мақсаты:

- Балаларды табиғи материалдан жасалған заттардың түрлерімен таныстыру;
- әр түрлі материалдан жасалған заттарды топтастыра білуге үйрету;
- балалардың табиғи материалдар туралы түсініктерін бекіту,оның қасиеттері туралы білім беру;
- қоршаған ортаны сүйю,заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Бұл неден жасалған»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

қолы: _____

«Балбөбек жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған
сауалнама

Қатысушы: Балабақша қызметкерлері

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: Балабақша қызметкерлері

Зерттеу уақыты: 09.11.2023

Балабақша қызметкерлер саны: 5

Қатысқандар: 5

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама

Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама

Ұсынылатын ұйғарымдар

(ұқыпты және мұқият болыңыз, нұсқаманы сақтаңыз)

Қорытындысы:

Әр қызметкерлерге жеке-жеке «Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама алынды. Қызметкерлер сауалнаманы мұқият оқып сұрақтарға нақты жауап берді. Бұл сауалнама суицидтің алдын алу мақсатында берілген болатын. Сауалнамның нәтижесі жақсы. Қызметкерлердің жауаптары бойынша қорқынышты нәрсе жоқ.

Педагог-психолог:

қолы: _____



Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама

Ұсынылатын ұйғарымдар (ұқыпты және мұқият болыңыз, нұсқаманы сақтаңыз)


1. Мен нұсқаманы мұқият тыңдадым және барлық сұрақтарға шынайы жауап беруге дайынмын.
2. Мен жұмыс істегенде көңілімді басқа нәрсеге тез аударамын, қиялшыл және ұмытшақ болып кетемін.
3. Мен мені қоршаған адамдарға қарағанда тез шаршаймын.
4. Кей кездері мен мақтанамын.
5. Жиі жағдайда менде көңіл - күйім көтеріңкі болып жүреді.
6. Мені көңілсіз ойлар жиі мазалайды.
7. Мен адамдармен қарым қатынаста болғанды ұнатамын.
8. Мен аяғымның және қолымның мұздайтынын немесе жансызданып қалғанын жиі сеземін.
9. Мен ренжігенім туралы ұмытып кетемін.
10. Кейбір кездері самайымның дүңкілдегенін және мойынымның аясындағы тамыр соғысын сезінемін.
11. Мен көңілді ортада көңіл көтергенді ұнатамын.
12. Менің отбасымда жүйкесі тозған адамдар бар.
13. Кей кездері мен өзім нашар білетін тақырыпта сенімді сөйлеуім мүмкін.
14. Кей уақытта мен өзімді қорғансыз сезінемін.
15. Менің көп жақсы достарым бар.
16. Менің басым жиі аурады.
17. Мен әрқашанда тез қозғаламын және белсендімін.
18. Егер мен отырған кезде тез тұра қалсам, менің көзім қарауытады және басым айналады.
19. Кей кездері мен проблемалардан қашу үшін ауруымды сылтауратамын.
20. Кей кездері мен тиым салынған тақырыптарға қызығушылық танытамын.
21. Менде жиі жағдайда жаман көңіл - күй болып тұрады.
22. Менің достарым менің жұмыскерлігіме және шаршамайтыныма таң қалады.
23. Мен сезімтал және тез қозатын адаммын.
24. Өмірдегі барлық мәселелерді шешуге болады.
25. Менде қалтырау ұстамалары болады.
26. Мен көңілді анекдоттарды және көңілді әңгімелерді айтқанды ұнатамын.
27. Уақыт өте келе менің үйден мүлдем кетіп қалғым келеді.
28. Мен жиі түкке тұрғысыз нәрселерге бола қобалжимын.
29. Мен өзімді ақтау үшін кей кездері өтірік айтамын.
30. Кей кездері мен аяқ астынан тер басып кетеді.
31. Мен өз уәдемді орындамайтын кездер болады.
32. Кей кезде мен өзімді ештеңеге жарамсыз сезінемін.
33. Маған менің кейбір таныстарым ұнамайды.

34. Менің жиі тәбетім болмайды.
35. Мен ең көңілсіз ортаның көңілін көтеру қолымнан келеді.
36. Менің отбасы мүшелерімнің кейбір әдеттері ашуландырады.
37. Мен бейтаныс адамдармен де сөйлесетін тақырып табамын.
38. Маған мені үнемі бір күш басып тұратын сияқты сезінемін және мен босаңси алмаймын.
39. Менің жиі өлгім келеді.
40. Мені басқалар көңілді және тез тіл табысқыш адам деп ойлайды.
41. Мен барлығын жүрегіме жақын қабылдаймын.
42. Менің кеуде тұсымда және ішімде жағымсыз сезімдер пайда болады.
43. Мен таныс адамдармен және бейтаныс адамдармен сөйлесе кетуге дайынмын.
44. Егер мен бірдеңеге қатты ашуланып немесе толғанып тұрсам, оны мен барлық тәнімен сезінемін.
45. Мен көп армандаймын, бірақ бұл жайлы ешкімге айтпаймын.
46. Кей кездері мен өте белсендімін, ал кей уақытта белсенділігім тым төмен.
47. Мен әркез шындықты айта бермеймін.
48. Бәстескенде мен нені болса да істеуге дайынмын.
49. Менің қатты уайымдайтыным соншалық, ол менің миымнан көпке дейін кетпей жүреді.
50. Мен өзімді жиі шаршаңқы және әлсіз сезінемін.
51. Мен басқалардың үстінен қалжыңдағанды ұнатамын.
52. Басқалардың сыны мен ескертулері менің жаныма батады.
53. Менің түсіме қорқынышты түстер жиі кіреді.
54. Мен өз сезімдеріме бостандық беруге және жақсы ортада көңіл көтеруге бармын.
55. Кей кездері еш себепсіз мен өзімді әлсіз сезінемін.
56. Менің жиі ұйқым қашады.
57. Кей кездері мен өсек айтамын.
58. Мен барлығына жеңіл қараймын.
59. Егер сәтсіздіктер менің өкшемнен басып жүрмесе мен жақсырақ өмір сүрер едім деп күн сайын ойлаймын.
60. Мен – өз өзіме сенімді адаммын.
61. Мені кінәлілік сезімі жиі мазалайды.
62. Мен тез жүремін.
63. Мен сәттілікке деген үмітім оңай үзілетін жағдайларға жиі тап боламын.
64. Менің басыма неше түрлі ойлар кіре беретіндіктен, менің ұйқым қашады.
65. Маған басқалар менің сыртымнан күлетін сияқты болып көрінеді.
66. Мен – уайымым жоқ адаммын.
67. Кей кездері менің ойыма кісіні ұялтатын ойлар келеді.
68. Менің жүрек қағысым жиілеп кететін жағдайлар жиі болады.
69. Кейде адамдардың арасында да мен өзімді жалғыз сезінемін.
70. Кей кездері мен көп сөйлеймін және маған өзімді тоқтату қиын.
71. Мен мені түсінетін, сергітетін, жұбататын достарды үнемі қажет етіп тұрамын.

72. Кей кездері мен өз күшіме сенбегендіктен бастаған ісімнен бас тартамын.
73. Олар басқа адамдарға солай әсер етпесе де, мені жарық шам, жарқын түстер қатты шу ашуландыратын кезеңдер болып тұрады.
74. Менің жаман әдеттерім бар.

Аты-жөні: Карасеева Е.
Қолы: [Signature]

«Балбөбек» жеке меншік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әлістеме: «Түгендеу-шатастыру»**

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 11.11.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «Түгендеу-шатастыру» ойын

Мақсаты:

Еріксіз зейінді дамыту

Нұсқауы:

Психолог сол жерде отырған балалардың атымен тегін қате айтады. Балалар зейін қойып, мұқият тыңдап отырады. Тек қана атымен тегін дұрыс айтқанда ғана алға шығады. Егер кімде-кім қателессе, ойыннан шығады айыбын төлейді. Өлең, тақпақтар айтады.

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Түгендеу-шатастыру» ойыны жүргізілді. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Топта жұмыс істей алу қабілеттерін көрсетті. Қателескен балалар өлең, тақпақтарын айтты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: _____



Құм және сумен ойындардың картотекасы

1.«Рақушканы ал» («Тасты ал»)

Мақсаты : назарын дамыту, қозғалысын үйлестіру.

Мазмұны:

Су құйылған ыдыстың түбіне ересек адам бірнеше тас, ракушка салады. Содан соң балаға «қазына» ал деп ұсынады. Ол үшін өте әдемі тасты (немесе ракушканы)таңдап алып түбіне салады (тереңдігі 15-20 см көп емес) және бала басқа тастар және ракушкалар арасынан қажетті затты тауып алуы қажет.

2.«Мұздақтарды ұстап ал »

Мақсаты : қозғалысын үйлестіруді дамыту, су құрамымен танысу.

Мазмұны:

Тәрбиеші су құйылған ыдысқа 5-10 шағын мұздақтарды салады және балаға айтады : «Қара, қара ,не болып жатқанын қара. Мұздақтар үлкен болған еді, енді кішірейіп жатыр. Қәне оларды құтқарайық!»

Бала тор немесе ожаумен судан үлкенірек мұздақтарды алып және жеке ыдысқа салады. Барлық мұздақтар алынған соң, тәрбиеші сұрайды: «Қалған мұздақтар қайда кетті? Оларға не болды?- Олар еріп, суға айналды».

3.«Жылы -суық» ойыны

Мақсаты: «жылы», «суық» ұғымдарын бекіту.

Мазмұны:

Екі түрлі ойыншық қажет, әр біреуі 2-3 данадан, резинкелі немесе пластмасса болғаны жөн (мысалы: үйрек және балықтар, бегемот және пингвиндар, кемелер және дельфиндар, кішкентай доптар- қызыл және көк, қызыл және сары, жасыл және ақ және т.б.).

Тәрбиеші бір ыдысты жылы сумен, ал екінші ыдысты суық сумен толтырады. Балаға: «Үйректер суық суда, ал балықтар жылы суда шомылғанды ұнатады, оларды суға жіберейік,-деп айтады». Бала үйректерді суық сумен ыдысқа салады, ал балықтарды жылы сумен ыдысқа салады.

4.« Шарикті тап» ойыны

Мақсаты: заттардың сапасымен – көлемі, пішінімен танысу.

Мазмұны:

Тәрбиеші құмға кішкене шарикті көміп және баладан оны табуын өтінеді. Алғашында шарикті баланың көзінше көму керек, содан соң ол ересек адамның іс-әрекетін көрмеуі қажет. Бірте-бірте міндетті күрделендіріп, тәрбиеші екі затты көмеді, мысалы шарик және текше, содан соң текшені тап деп өтінеді. Бір пішінді заттарды көмуге болады, бірақ әр түрлі көлемде.

5. «Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты: психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік.

Ойын барысы: Педагог әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді ;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен- ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады: «Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді — ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы — суық», «жағымды — жағымсыз», «тікенді, кедірлі» және т.б.

6.Құмды жауын

Мақсаты: бұлшық ет күшін реттеу, босансу.

Жабдықтар: Құмжәшік.

Ойын барысы: Педагог: ертегі әлемінде ерекше құм жауыны жауып және құм желі есуі мүмкін. Бұл өте жағымды. Сендер өздерің осындай жауын мен желді істеулеріңе болады. Қарандар, бұл қалай болады. Бала жайлап, содан соң жылдам құмды өз жұмырдығынан құмжәшікке ересектердің алақанына, өз алақанына шашады. Бала көзін жауып және құмға саусақтарын ашып алақанын қояды, ересек адам қандай да бір сауасағына құм себеді, ал бала осы саусақты атайды. Содан соң олар рөлдерімен ауысады.

7. Құмды жел

Мақсаты: дем алу –дем шығаруды қалыптастыру.

Жабдықтар: Құмжәшік, коктейль үшін түтікше.

Ойын барысы: Сәбилер оған құмды тартпай, түтікше арқылы демалуға үйренеді. Ересек балаларға алдымен өз достарына жағымды тілектер айтуын ұсынуға болады, «оны құмға үрлеп » құм әлеміне тілек сыйлау, сонымен бірге құм үстінде шұңқырды пайда болғанша үрлеу. Осы ойындарға коктейльге арналған бір рет пайдаланатын түтікшелерді қолдануға болады.

Осы жаттығуларды хош иіс терапиясымен құрамдастыруға болады (бірақ хош иіс терапиясын осы бағытта арнайы дайындықтан өткен психологтар пайдалануға құқығы бар). Бала өзіне арнайы таңдалған хош иіс қоспасы (сергітетін немесе босаңсытатын) иісімен дем алады. Бала демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуде.

8. Ерекше іздер

Мақсаты: елес, тактикалық сезімталдықты дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік .

Ойын барысы: «Қонжықтар келе жатыр» — бала жұмырдықтарымен және алақандарымен күшпен құмға басады.

«Қояндар секіреді» — бала әр түрлі бағыттарда қоғала отырып, саусақтарының ұшымен құм үстінен соғады.

«Жыландар жорғалайды» — бала босаңсыған/ тырысқан қол саусақтарымен құм үстін толқынды етеді (әр түрлі бағытта).

«Қоңыздар - өрмекшілер жүгіруде» — бала жәндіктердің қозғалысын ұқсастырып, барлық саусақтарымен қоғалтады («қоңыздар сәлемдесуде»- құм астында бір-бірінің қолдарымен кездестіріп, қолдарын толығымен құмға салуға болады).

«Крокозябла» — балалар құмда әр түрлі іздер қалдырады, осындай із қалдырған фантастикалық хайуан үшін есім ойлап табады (соңында осы хайуанның суретін салып және құм елінің тұрғыны етуге болады).

9. Тышқандардың құпиялы тапсырмалары

Мақсаты: тактильді сезімталдық дамыту, сергу, қызығушылықты белсендендіру.

Жабдықтар: Құмжәшік.

Баланы алдын ала жер астында өмір сүретін жануармен таныстыру қажет. Ойын барысы: Педагог. Бүгін біздің қолдарымыз тышқандарға айнала алады. Осылай. (Ересек адам қолын көтеріп және оларды «үйрек тәрізді» жинайды, балаға саусақ сүйектерімен салынған көз, мұрын және екі тісті көрсетеді.) Өз қолдарыңды тышқандарға айналдырғың келе ме? Менің тышқаным жер астында маңызды тапсырманы орындауға көмектесу қажет. (Баланың тілегі бойынша ересек адам оның саусақ буындарында мұқият мұрын және көздерін салады). Ал, енді құмға батырамыз? Қара және менің тышқаным сияқты жаса.

Ересек адам бір қолын құмға салады, құмның астында оны қозғалтады (баланың назарын құмның үстіндегі өзгеріске аударады), содан соң әр саусақтарын абайлап қазып алады. Содан соң сол әрекетті баламен жасайды. Содан кейін олар бір-бірінің қолын қазып алады (құмға үрлеуге болады, қанат, таяқшалар, қылқаламдарды пайдалануға болады).

Нұсқа: Барлық іс-әрекетті жабық көзбен іске асыру — құмда бір—бірінің саусақтарын іздеп, оларды қысу (тышқандар жайлап сәлемдеседі немесе күшпен бір-бірінің аяқтарын қысады).

10. Құмдағы жасырынбақ

Мақсаты: тактильді сезімталдықты дамыту, көру, шығармашылық ойлау, еркіндік.

Жабдықтар: Құмжәшік, суреттер, ертегі кейіпкерлері, миниатюрлы мүсіншелер.

Ойын барысы: Бірінші нұсқа

Педагог. Ойыншықтар сенімен құмды жасырынбақ ойнағысы келеді. Өзіңе ұнаған ойыншықты тандап ал. Сен көзіңді жұмасың, олар құмға жасырынады, содан соң мен : «Көз ашылады, ойын басталады» деп айтамын, сен оларды құманнан табуың қажет. Сен құмды үрлеуіңе, саусақтарыңмен қазуға, таяқшалар, қылқаламдарды пайдалануыңа болады.

Ойынды әр түрлі етуде, ересек адам балаға ойыншық — «минаны» көрсетеді, оны толығымен қазып алуға болмайды. Қазу барысында оның бөлігі құм үстінде көрінгенде, бала қазуын тоқтатып және оны басқа жерден жалғастыру қажет. Егер бала ережені ұмытқан болса, ойын айппұлын жасайтын болады, сондықтан ол ойыншықтарды мұқияты қазуы тиіс.

Екінші нұсқа

Ойын үшін әр түрлі ертегілерден суреттер және ертегі кейіпкерлерінің суреттері болуы қажет, оларды өздігінен дайындауға болады, балалар кітапшаларынан әдемі суреттерді жапсырмамен орау қажет. Балалармен ойын ойнау үшін нақты бейнелермен түрлі-түсті суреттер пайдаланылады (бастапқы кезеңде — қабылдау үшін бір заттың суреті бейнеленген қарапайым суреттер). Іздену белсенділігін дамыту үшін бейнені біртіндеп қиындату қажет. Осылай, ересек мектепке дейінгі балалар үшін бейнелеу ақ пен қара, бейнелі болуы мүмкін.

Алдын ала ересек адам баламен жақсы көретін ертегілер және ертегі кейіпкерлері туралы, әр түрлі кейіпкерлерге жағымды және жағымсыз қатысы себебі туралы сөйлеседі.

Педагог. Құмда ертегі және ертегі кейіпкерлері жасырынғанды ұнатады.

Олармен құмда жасырынбақ ойнайық. Көзінді жұмып және сиқырлы сөздерді : «Бір, екі, үш ертегі кел» айт. (Ересек адам құмға балаға жақсы таныс ертегінің суретін көмеді. Балалар үшін суреттің шетін сәл көрсетіп қояды.)

Қылқаламды алып және құмнан осы ертегіні ізде. Ертегіні шошытып алмау үшін оны ақырын, мұқият қазатын бол. Сен құмнан суреттің жартысын тазалап алдың: сен қалай ойлайсың, бұл қай ертегі?

Бала бірте-бірте суретті ашады, бір кезеңде ол ертегіні немесе ертегі кейіпкерін айта алады. Егер ол сурет элементтері арқылы ертегіні жорамалдай алмай және атын айта алмаса, оқыту кезеңін енгізуге болады. Бала құмға суретті көмеді, ал ересек адам қазып алып және дауыстап көргенін талдайды.

11. Дымқыл құм үстіндегі ойындар

Тақырыбы: « Құрғақ және дымқыл құмның құпиясы»

Бала құрғақ құм қасиетін және онымен ойынды білгені жөн.

Педагог. Біздің құмжәшікте кейде жауын жауады, нағыз өзен және көлдер пайда болады. Бұл қалай болатынын көргілерің келе ме?

Ересек адам құмжәшіктегі құмды екі бөлікке бөледі және балаға құмды дымқылдату тәсілін көрсетеді:

«Бұлақша ағады» — ересек адам құмның бір бөлігіне құмырадан су құяды.

«Жауын сіркіреп тұр» — құмның екінші бөлігін бүріккішпен дымқылдандырады.

Ересек адам балалардың назарын дымқыл құмның иісі мен өзгерген түсіне аударады. Содан соң бала өзігінен құмды дымқылдандырады (су құмды суландырып жібермейтіндей болуы қажет).

Педагог. Дымқыл құммен сәлемдесейік. Онымен сендер ғажайып ойындар ойнай аласыңдар- сендер сиқырлы-құрылысшыларға айналасыздар.

Содан кейін құрғақ құммен жасалған жаттығулар өткізіледі: «Сәлем құм» және «Ерекше іздер». «Күзен-төбелер» ойыны

Бала әр саусағымен кезекпен, содан соң бар саусақтарымен құмда тесіктер жасайды — тышқан үшін үй, төбелер жапсырады — тасбақалар үшін үй.

12.Құмды құрылысшылар

Мақсаты: кеңістік ұғымымен бекіту, есту және көру жадысын дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік, шағын қалыптар.

Ойын барысы: Педагог. Құм әлемінің тұрғындары сені оларға үй салуға көмектесуін сұрайды. Бастапқыда құмда осы немесе басқа үй қайда салынатынын белгілеу қажет. Мысалы, бауырсақ дөңгелек пішінді үйді, жираф- тік бұрышты, ал бегемот төрт бұрышты үйде тұрғысы келеді. Құм тұрғындарына көмектес.

Жоғары оң жақ бұрышта бегемотик тұратын болады. Керекті қалыпты таңдап алып және таңба жаса.

Осылай ересек адам балаға құмжәшіктің барлық тұрғындарын қоныстандыруға тапсырма береді. Тапсырманы көп кейіпкерлер санын енгізу жолымен күрделендіруге болады, ересек адамның салған жоспары бойынша ойыншықтарды қоныстандыру.

13.Құмдағы өрнектер 2 нұсқа.

Мақсаты: көз- қозғалысын, жіктелу үрдісін, қиялын дамыту

Жабдықтар: Құмжәшік, миниатюрлы қалыптар.

Дымқыл құмда өрнектер, жолақтар анық көрінеді, оларды жіктеу ойындарында пайдалануға болады. Мысалы, толқынды жол бойымен адамдар жүреді, түзу жолмен машиналар жүреді, ал дуалда құстар отырады — бала қажетті қалыпты немесе суретті таңдап және көрсетілген жолаққа қояды. Соңында «Кім, қайда, не үшін және болды?» сюжетті дамытып және шағын —ертегі шығару.

Дымқыл құмда анық жүздерді салуға болады, балаларды адам сезімін: қуаныш, мұң, ашу, қорқыныш, таңдану графикалық белгілеуге үйрету.

Мазмұны

3-4жастағы балаларға арналған ойындар

- 1.«Жағымды сөздер» ойыны
- 2.«Не өзгерді?» ойыны
- 3.«Доп» ойыны
- 4.«Мақтаншақтар» ойыны
- 5.«Жел»
6. «Әрқашан күн сөнбесін»

2-3 жастағы баланың зейін арттыратын ойындар

- 1.«Сиқырлы сөздер» ойын
- 2.«КУ-КУ» ойыны
- 3.«Қолың қайда?» ойыны
- 4.«Қай қолымда?» ойыны
- 5.«Тығылмашақ» ойыны
- 6.Орамалмен билеу:
- 7.Орамалды айналу:
- 8.Орамалды келесі адамға беру:
- 9.Ілінген орамал:
- 10.Орамалбен жасырынбақ:
- 11.Орамалды бөлмеде жасыру:
- 12.«Байлау»
- 13.«Жуу»